

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 121 "Мұғалжар ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 82 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 наурызда № 5342 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 16 сәуірдегі " Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 121 "Мұғалжар ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4918 болып тіркелген, 2016 жылдың 09 маусымында аудандық "Мұғалжар газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Данағұлов